

ПІКІРЛЕР

ОБЗОРЫ, РЕЦЕНЗИИ

REVIEWS

FTAHP 18.67.01

ӘОЖ 791.43/.45

DOI: 10.65199/2617-6823-2025-2-4

Инна Смаилова¹

¹ *Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университет (Қазақстан, Астана)*

«ТҰЛ» ФИЛЬМІ: САЛҚЫНДЫҚ ТАБИҒАТЫ ШӘРИПА ОРАЗБАЕВАНЫҢ КӨЗІМЕН

Шығарылған жылы: 2022

Елі: Қазақстан

Режиссер және сценарист: Ш. Оразбаева

Оператор: А. Жаңабеков

Продюсерлер: Д. Қожахметов, Т. Аманжол, С. Корносенков, М. Бекмағанбетова, Е. Мақсұт

Басты рөлдерде: Г. Жан, А. Ермекова

Дәйексөз үшін:

Смаилова, Инна. «“Тұл” фильмі: салқындық табиғаты Шәрипа Оразбаеваның көзімен». Рецензия «Тұл» фильміне, реж. Ш. Оразбаева. *Eurasian Science and Arts*, т. II, № 17, 2025, 47–50 б. DOI: 10.65199/2617-6823-2025-2-4. (Қазақша)

IRSTI 18.67.01

UDK 791.43/.45

DOI: 10.65199/2617-6823-2025-2-4

Inna Smailova¹

¹ *Kulyash Bayseyitova Kazakh National University of Arts (Kazakhstan, Astana)*

“TUL” FILM: LOVELESS BY SHARIPA ORAZBAYEVA

Year of Production: 2022

Country: Kazakhstan

Director and Screenwriter: Sh. Urazbayeva

Cinematographer: A. Zhanabekov

Producers: D. Kozhakhmetov, T. Amanzhol, S. Kornosenkov, M. Bekmaganbetova, E. Maksut

Starrings: G. Zhan, A. Yermekova

Cite:

Smailova, Inna. “‘Tul’ Film: Loveless by Sharipa Orazbayeva.” Review of “Tul”, directed by Aizhan Kasymbek. *Eurasian Science and Arts*, vol. II, no. 17, 2025, pp. 47–50. DOI: 10.65199/2617-6823-2025-2-4. (in Kazakh)

ГРНТИ 18.67.01

УДК 791.43/.45

DOI: 10.65199/2617-6823-2025-2-4

Инна Смаилова¹

¹ *Казахский национальный университет искусств имени Күләш Байсейітовой (Казахстан, Астана)*

ФИЛЬМ «ТҰЛ»: НЕЛЮБОВЬ ОТ ШАРИПЫ УРАЗБАЕВОЙ

Год производства: 2022

Страна: Казахстан

Режиссер и сценарист: Ш. Уразбаева

Оператор: А. Жанабеков

Продюсеры: Д. Кожакметов, Т. Аманжол, С. Корносенков, М. Бекмаганбетова, Е. Максұт

В главных ролях: Г. Жан, А. Ермекова

Для цитирования:

Смаилова, Инна. «Фильм “Тұл”: нелюбовь от Шарипы Уразбаевой». Рецензия на фильм «Тұл», режиссер Ш. Уразбаева. *Eurasian Science and Arts*, т. II, № 17, 2025, с. 47–50. DOI: 10.65199/2617-6823-2025-2-4. (На казахском)

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ кинематографының төртінші он жылдығы (2020–2025 жж.) дәстүрлі реализмнен алшақтап, әйел дауысы айқын естілетін эмоционалды қуаты мол фильмдердің пайда бола бастағанын меңзейді. Бұл уақыт аралығында қазақ кино кеңістігінде замандастарымыздың жарқын әрі нәзік бейнелері пайда болды.

Жас режиссер Шәрипа Оразбаеваның шығармашылығы осы контексте толық ашылады. Оның жаңадан шыққан «Тұл» фильмінде отағасы қайтыс болғаннан кейін анасы мен қызының арасындағы әлеуметтік-психологиялық шиеленіс шындық пен уақытты бейнелеуде айтарлықтай өткір көрініс тапқан.

Осы фильмімен Шәрипа қазақ кинематографының тарихына әйелдің отбасы мен қоғамдағы бағынышты күйін сипаттайтын әлеуметтік триптих («Мариям» (2019 ж.), «Қызыл анар» (2021 ж.) «Тұл» (2022–2023 жж.) авторы ретінде енді деп айта аламыз. Егер оның осы үш фильміндегі әйелдердің кинопортреттеріне мұқият зейін қойсақ, әлдебір тереңдікке көз жеткіземіз: сезім атаулы зорлық-зомбылыққа ұрынатын, шындықтан ада бос әлемге қарай жетелеп әкететін ащы дауысқа куә боламыз. Тура сол тұстан әйел-кейіпкерлердің терең ойға шомып, өз бетінше шешім қабылдап, абыройын биік қоюды мұрат ету, өз таңдауын ой елегінен өткізіп, соған қарай қадам басу басталады.

Мысалы, «Мариям» фильмінде әйел-кейіпкердің күйеуі отбасын тастап кетеді. Кейіпкеріміз мойымай, қиындықтарды жеңіп, ақыр-соңында үйіне қайтып келген еркектен теріс айналады. «Қызыл анар» фильмінде кейіпкер керісінше, өткенін саралап, отбасын сақтап қалады, алайда, автор фильмнің соңын ашық қалдырып, түрлі ой өрбітуімізге жол ашады. Ал жаңадан шыққан «Тұл» фильмінде режиссер бұлардан да күрделі тақырыпқа бойлайды. Екі кейіпкердің – анасы мен қызының оқиғасын тарқата отырып, Шәрипа отбасындағы еркек пен әйелдің дәстүрлі тартысынан алшақтап, көрермен көңілін екі

буын қақтығысына қарай бұрады. Осылайша отбасылық қарым-қатынаста ғана емес, сырт көзге де әйелдің отбасындағы орнына қатысты кейде қарама-қайшы көзқарастарды көрсетеді.

Осы жолы Шәрипа Оразбаева поэтикалық суреттерден саналы түрде бас тартып, қатаң документальді бақылау мәнеріне көшеді. Солтүстік Қазақстандық шағын қала мен ауылдың сұрқай тұрмысында жасөспірім қыздың арман-қиялы қанат қағып, қуанышы таситындай кеңістік жоқ. Жасөспірім қыздың үйінен жырақта, интернаттағы тоқыраған тыныс-тіршілігі қысқы қатаң, сұрқай көрініспен бейнеленіп, әсері еселей түседі. Мұғалімге ұрлана көз салған сәті де әсерлі жеткізілген.

Бірақ ол оқитын мектептегі әлем – сыныптас қыздарының, яғни әйелдер қауымдастығының ортасы өте қатал әрі бейқам. Қалыптасқан ережеден сәл ауытқысаң, жазаланасың, бірге оқыған қыздардың өзі қараңғы бұрышқа алып кетіп, соққыға жығады.

Кейіпкер-қыз сараң бояумен көрсетілген, көз қуантпайтын сұрқай бөлмесінде бой тасалап, оңаша қалады. Бұл жерде бәрі салқын әрі көңіл құлазытар бос кеңістік. Бірде-бір жылы план, күндізгі жарық та осы салқын кеңістікке шуақ шашпайды. Туған күнін суреттеген шақтағы түрлі түсті шарлардың өзі болмашы, түкке тұрғысыз артық дүние секілді әсер қалдырады.

Жаны жаралы қыздың үнсіз мұңы, үйіне деген сағынышы режиссер Дәрежан Өмірбаевтың «Кардиограмма» (1995 ж.) туындысындағы кейіпкердің күйіне ұқсас секілді көрінгенімен, екі фильмдегі үйге оралу сәті бір-бірінен мүлдем бөлек, тіпті ұқсамайды.

«Кардиограмма» фильмінде үй жанға жайлы бояулар мен тұрмыстық-пейзажды жарқын кесіндер мен ана бейнесі арқылы сипатталса, «Тұл» фильмінің сюжеттік құрылымындағы екі әлем: мектеп-интернат және өз үйі, жарық пен түстің салқын проекциясын күшейтіп, оқиғаны қоюлата түседі. Осы екі кеңістікте де

фильмнің жасөспірім-кейіпкері өзін жатсынып әрі керексіз сезінеді. Әлеуметтік институттар – мектеп пен үй – бір заңға бағынады: бағынышыты күй мен дүлей күштің үстемдігі – мейлі бұл мектеп дәлізіндегі тобырдың әмірі болсын немесе үй кеңістігіндегі еркектің, ол қайтқан соң, ананың үстем болмысы болсын.

Көз алдындағы оқиғаларды қыз бала суық, ойлы көзімен бақылайды: әкесін соңғы сапарға шығарып салған кездегі шешесінің салтқа бағынышты түрде басын төмен салбыратуы, марқұмның қарыздарын еш сөз айтпастан, қайтаруы және араға көп уақыт салмай, анасының қайтадан еркектерге тәуелді күйге түсуі: төсек қатынасындағы қорлық немесе станоктағы ауыр еңбек.

Оператор Азамат Жаңабековтың (Қазақ ұлттық өнер университетінде Болат және Әубәкір Сүлеевтерден операторлық курс бойынша дәріс алған) суық түстерді таңдауы сезімді бірте-бірте тұншықтырып, табиғаттағы аяз әсерін күшейтеді. Ауыл көрінісіндегі әр сахна, әр кадр сайын, тұрмыстың бірсыдырғы, оқшау белгісі жасалып, ересек адамдардың сұлбасы қатып қалған көлеңкеге айналғандай әсер қалдырады.

Режиссер де, оператор да көрермен көзіне жылы тиер жайма-шуақ кадр немесе ересектер әлеміндегі жылы жүзді көруге мұрша қалдырмайды. Ересектерді суреттеген жалпы планда адами қалпынан ада көлеңкелерді ғана аңғарамыз.

Шәрипа Оразбаеваның интерпретациясындағы «салқындық табиғаты» қолмен ұстап сезінетіндей әсер қалдырады. Әйелдің түсік жасататын сахнасы метафорадан жұрдай, тура күйінше көрсетіледі. Толғақ қысқан әйелдің бұралып, еденде жатуы, шыңғырған кезінде терге малшынған бет әлпетінің бұзылуы, тегеш және басқа да нәрселер көрерменді тітіркендіреді.

Сосын авторлар тыныстауға мүмкіндік берместен, экспрессивті дәреке монтажды қолданып, оқиғаны көшеге алып шығып, жалғастырады. Аязды пейзажды

суреттеген метафизикалық дерлік ұзақ көрініс, арқа тұстан естілетін айқай, ашулы жүздер, плакаттар, хаос және қиқулаған тобырдың қозғалысы кадрда қиранды, аққан қан, өртенген көліктерді көрсетеді. Осы дүрбелеңге бей-жай қарап, сомнамбула іспетті қозғалған қыз бала кадрлық құрылымның визуалды бейнесінде көрерменге суық көзімен қараған кішкентай Мадонна секілді қабылданады.

Режиссер бей-жай күйде қатал шындықты ақтарып сыртқа шығарып тастағандай. Ол бей-жай шындықпен шайқаспайды, кейіпкерлер кеңістік пен уақыттың бір бөлігі ғана, бірақ қыз бен ананың қалыптасқан қарым-қатынасына соққы беріп, әлемді қорғансыз, енді ғана есейе бастаған қыздың көзімен көрсетеді. Кейіпкер-қыз өзінің әлі қалыптасып үлгермеген сезімдеріне мұғалім тарапынан жауап күтеді, ал ол болса, дәптерлерге үңіліп, оны тіпті елемейді. Өзіне көңіл аударуды қалаған орындалмас ұмтылысы жаңа нәрсені қабылдауға жеткізіп, қыз өзін еркін сезінеді: өзінің жаңа қалпын қабылдаған сахна ауысқан сәтте, ең соңында оның басы ірі планмен Хичкок әдісіндегідей кадрды толтырып тұрған көрінісін көреміз.

«Тұл» фильмінде Шәрипа Оразбаева мүсінші сияқты финалда артық нәрсенің бәрін сылып тастап, бұрынғыдай өмір сүру туралы ойды тойтарып тастайды. Монтажды-ырғақты үдерісте, сюжетті жеткізуде тегістік болмағанымен, режиссердің екінің бірінің батылы бара бермейтін ауыр мәселені қозғап, ақтарады. Режиссер заман бейнесін экранға шығарып, аға буынның немқұрайлы эгоизмін: сезімсіз қаталдыққа ұрынған кәрінің және махаббатсыз өмірмен түбегейлі келіспейтін жасөспірімнің көзқарасын мұздай салқын әсер беретін жарық пен түс арқылы көрсетеді.

Автор туралы мәліметтер

Смаилова Инна Тлековна – өнертану ғылымының кандидаты, ФИПРЕССИ, Қазақстан киносыншылары қауымдастығының, Қазақстан Ұлттық кино өнері академиясы мүшесі, Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің «Өнертану» кафедрасының профессоры (Қазақстан, Астана)

i_smailov@mail.ru

ORCID: 0009-0001-1801-3358

Author information

Smailova Inna Tlekovna – candidate of art history, member of FIPRESCI, Association of Film Critics of Kazakhstan, National Academy of Cinema Arts of Kazakhstan, professor of the Department of Art History of the Kulyash Bayseyitova Kazakh National University of Arts (Kazakhstan, Astana).

g_i_smailov@mail.ru

ORCID: 0009-0001-1801-3358



Сведения об авторе

Смаилова Инна Тлековна – кандидат искусствоведения, член ФИПРЕССИ, Ассоциации кинокритиков Казахстана, Национальной академии киноискусств Казахстана, профессор кафедры «Искусствоведение» Казахского национального университета искусств имени Күләш Байсейітовой (Казахстан, Астана)

i_smailov@mail.ru

ORCID: 0009-0001-1801-3358